

# ЕРТІС

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ

ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ 1999 жылдан бастап шығады

№07 (77). 2008 жыл. 23 қыркүйек

# ДИДАРЫ

## ТІЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫН ДА НЫҒАЙТУДА

Мемлекеттік тілімізді дамыту мен қолдану аясын кеңейту барысында облыс аумағында біршама істер тындырылғаны мәлім. Бұл орайда мемлекеттік мекемелердің атқарған жұмысы елеулі. Былтырғы жылдың кірісшығыс құжаттарының мемлекеттік тілдегі үлес көрсеткіші бойынша аймақтағы мемлекеттік мекемелер республикамыздың солтүстік өңірінде алдыңғы қатардан көрінді. «Жүзден жүйрік» шыққан мекемелердің ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті де бар.

Жуырда, Тіл айлығына орай, ҰҚК облыстық департаментінде болып, тіл ахуалымен танысқанымызда, мекеме басшыларының мемлекеттік тіліміздің

мәртебесін өсіруге бағытталған істерді ұтымды ұйымдастыруға үлкен жауапкершілікпен қарайтынын және департамент қызметкерлеріне үлгі көрсете отырып, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға үлес қосуын талап ететінін аңғардық.

Мекемеде шығыс құжаттарының 100%-на жуығы мемлекеттік тілде ресімделеді. Жауапты қызметшілер құжатты қазақ тілінде дайындауға дағдыланған. Бұл құжаттардың сауатты жазылуын білікті тіл мамандары қадағалап, қызметшілерге тиісті көмек көрсетеді. Қажетті жағдайда құжаттың орысша баламасы бірге жасалады.

Департаменттің Қазақ тілі кабинеті заманауи оқу-әдістемелік, инновациялық талаптар деңгейінде жабдықталған. Мекеменің

Еркін Баяндин басшылық жасайтын мұражайы эстетикалық жоғары талғам деңгейінде жасалған. Онда сонау кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарынан бергі деректі материалдар мен егемендік кезеңіндегі еліміздің тарихи, мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуын айғақтайтын көрнекі ақпараттар мол жинақталған.

Егер, аймақтағы барлық мекемелерде мемлекеттік тіл осылайша құрметтелсе, елдігіміздің тұғыры да мейлінше нығая түсетін еді ғой.

**Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ,**  
облыстық «Қазақ тілі» қоғамы  
Басқармасының төрағасы.